

Баспасөз хабарламасы

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

«Аймақтардың тұрақты дамуының үштұғырлы ESG тұжырымдамасы»

Күні: 25 қыркүйек 2025 жыл

Уақыты: 14:00-17:00

Өтетін орны: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Экономика және бизнес жоғары мектебі, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 201 зал (2 қабат).

Пішім: офлайн / онлайн.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті серіктестерімен бірге Сіздерді «Орнықты дамудың үштұғырлы тұжырымдамасы (ESG): өңірлердің теңгерімді дамыту контекстіндегі кәсіпкерліктің мүдделері» жобасы аясында өткізілетін **«Аймақтардың тұрақты дамуының үштұғырлы ESG тұжырымдамасы»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырады.

Жобаны Қазақстан (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Нархоз университеті, Каспий университеті және Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті) және АҚШ (Массачусетс университеті) университеттерінің өкілдерінен ұсынылған ғалымдардан құралған халықаралық зерттеу тобы жүзеге асыруда. Жоба жетекшісі – А.А. Адамбекова, экономика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ менеджмент кафедрасының зерттеуші- профессоры.

Конференция мақсаттары

- Жобаның зерттеу нәтижелерін ұсыну;
- Тұрақты даму және ESG саласындағы жетекші сарапшылармен пікір алмасу;
- Жинақталған халықаралық тәжірибені талқылау;
- Сарапшылардың пікірлерін алу және ұсынылған нәтижелерге сыни талдау жасау.

Негізгі материалдар

Конференция шегінде қазақстандық кәсіпкерлігінің ESG-ге бейілділігіне қатысты негізгі тұжырымдарды және оның тұрақты өңірлік дамуға әсерін талдауды қамтитын **«Аймақтардың тұрақты дамуының үштұғырлы ESG тұжырымдамасы»** монографиясының тұсаукесері өтеді. Зерттеу нысаны ретінде Қазақстанның төрт негізгі аймақтары таңдалған:

- Батыс Қазақстан облысы,
- Шығыс Қазақстан облысы,
- Қарағанды облысы,
- Қызылорда облысы.

Сондай-ақ конференцияның негізгі спикерлерінің баяндамаларының жинағы ұсынылады.

Қатысушылар

Конференцияға Қазақстан, АҚШ, Португалия, Ұлыбритания, Ресей, Испания, Польша, Литва және Беларусь елдерінен ғалымдар мен сарапшылар қатысады.

Әлеуметтік желіге арналған пресс-релиз

2025 жылдың 25 қыркүйегінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (Алматы) «**Аймақтардың тұрақты дамуының үштұғырлы ESG тұжырымдамасы**» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді. Қазақстан университеттерімен және Массачусетс университетімен (АҚШ) бірлесіп жүзеге асырылып жатқан жоба аясында зерттеу нәтижелері ұсынылып, бизнестің ESG-ге деген бейілділігінің келешектері және оның тұрақты аймақтық дамуға әсері талқыланады. Конференцияға Қазақстан, АҚШ, Португалия, Ұлыбритания, Ресей, Испания, Польша, Литва және Беларусь елдерінен ғалымдар қатысады. Монография мен баяндамалар жинағының тұсаукесері конференцияның басты оқиғасы болады. Конференция офлайн және онлайн форматта (Zoom) өтеді.